

<p>«Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының 05.03.2018 жылғы №161 шешімімен бекітілген</p> <p>Басқарманың 25.06.2018 жылғы №471 19.03.2019 жылғы №3-0319-10 шешімдеріне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген</p>	<p style="text-align: right;">Утверждено Решением Правления № 161 от 05.03.2018 г. АО «Банк ЦентрКредит»</p> <p style="text-align: center;">с изменениями и дополнениями: РП №471 от 25.06.2018г РП №3-0319-10 от 19.03.2019г</p>
<p style="text-align: center;">Сауда / сервис кәсіпорнымен жасалатын шарттың үлгі нысаны (карточкалық жабдықты ұсыну арқылы)</p>	<p style="text-align: center;">Типовая форма Договора с Предприятием торговли/сервиса (с предоставлением карточного оборудования)</p>
<p>Осы Шарт (бұдан кейін – Шарт) «Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан кейін – Банк») атынан оның филиалдары мен филиалдардың құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын POS-терминалдарды орнату, Кәсіпорынға (заңды тұлғаға) орнатылған POS-терминалдардың күйін келтіру мен оларға қызмет көрсету тәртібін және талаптарын белгілейді.</p>	<p>Настоящий Договор (далее – Договор) определяет порядок и условия установки, настройки и обслуживания POS-терминалов, установленных Предприятию (юридическому лицу), осуществляемых АО «Банк ЦентрКредит» (далее – Банк) в лице его филиалов и структурных подразделений филиалов.</p>
<p style="text-align: center;">1. Шарттың мәні</p>	<p style="text-align: center;">1. Предмет Договора</p>
<p>1.1. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, осы Шартта, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесінде және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды берген кезде, Банк Кәсіпорынның қызмет көрсету орындарына саны және құны Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойғаннан кейін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қабылдау-өткізу актісінде көрсетілген POS-терминалды (терминалдарды) (бұдан кейін мәтін бойынша – жабдық немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады) ұсынады және POS-терминалды (терминалдарды) орнатады.</p>	<p>1.1. При предоставлении Предприятием необходимых документов, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан, настоящим Договором, Правилами об общих условиях проведения операций АО «Банк ЦентрКредит» и внутренними нормативными документами Банка, Банк предоставляет в пункты обслуживания Предприятия POS-терминал(ы) (далее по тексту – оборудование или как определено выше) в количестве и по стоимости согласно акту приема-передачи, который после подписания уполномоченными лицами Сторон является неотъемлемой частью Договора и осуществляет установку POS-терминала(ов).</p>
<p>1.2. Банк Кәсіпорыннан Сауда/сервис кәсіпорнымен (карточкалық жабдықты ұсыну арқылы) жасалатын шарттың үлгі нысанына қосылу туралы өтініштің үлгі нысанын (бұдан кейін – Қосылу туралы өтініш) қабылдағаннан кейін және Кәсіпорын қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін Шарт жасалған болып есептеледі және күшіне енеді.</p>	<p>1.2. Договор считается заключенным и вступает в силу после принятия Банком от Предприятия Типовой формы заявления о присоединении к типовой форме Договора с Предприятием торговли/сервиса (с предоставлением карточного оборудования) (далее - Заявление о присоединении) и предоставления Предприятием документов, предусмотренных действующим законодательством и внутренними нормативными документами Банка.</p>
<p>1.3. Егер осы Шарт болып табылмайтын, Банк пен Кәсіпорынның арасында бұрын жасалған Шарттың негізінде Кәсіпорынға жабдық орнатылған болса, Кәсіпорын осы Шарттың бұрын жасалған Шартты ауыстыратынына және</p>	<p>1.3. Если Предприятию производится установка оборудования на основании ранее заключенного между Банком и Предприятием Договора, не являющегося настоящим Договором, Предприятие соглашается с тем,</p>

<p>осы Шарттың талаптарының бірінші жабдық орнатылған күннен бастап пайда болған Тараптардың қарым-қатынасына қатысты қолданылатынына келіседі.</p>	<p>что настоящий Договор заменяет собой ранее заключенный Договор и условия настоящего Договора применяются к отношениям Сторон, возникшим с даты установки первого оборудования.</p>
<p>1.4. Осы Шартта қолданылатын барлық терминдер осы Шарттың 1-қосымшасында анықталған мәні бойынша түсіндіріледі және талқыланады. Кәсіпорын Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы терминдермен танысады және онымен келіседі.</p>	<p>1.4. Все термины, используемые в настоящем Договоре, понимаются и толкуются в том значении, в котором они определены в Приложении №1 к настоящему Договору, с которыми Предприятие знакомится и соглашается путем подписания Заявления о присоединении, являющегося неотъемлемой частью Договора.</p>
<p>1.5. Кәсіпорын төлем жасаған күнгі тарифтерге сәйкес Банктің жабдыққа қызмет көрсету үшін алынатын барлық комиссияларын уақытылы төлеуге міндеттенеді.</p>	<p>1.5. Предприятие обязуется своевременно оплачивать все комиссии Банка за обслуживание оборудования в соответствии с Тарифами на день оплаты.</p>
<p>1.6. Кәсіпорын Шартпен Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсында және Банктің бөлімшелерінде таныса алады.</p>	<p>1.6. Предприятие может ознакомиться с Договором на интернет ресурсе Банка по адресу www.bcc.kz и в отделениях Банка.</p>
<p>1.7. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Банк:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жабдықты күйге келтіруге және оны тауар және/немесе қызмет көрсету үшін төлемді және/немесе орындалған жұмыс үшін төлемді төлем карталары арқылы қабылдау қызметіне қосуға; - Қосылу туралы өтініште көрсетілген Кәсіпорынның қызмет көрсету орнында (орындарында) карточкалық жабдықты орнатуға; - Кәсіпорынның қызмет көрсету орнының (орындарының) қызметкерлеріне төлем жасау үшін карточкаларды қабылдауға үйретуге; - Қосылу туралы өтініште көрсетілген Кәсіпорынның қызмет көрсету орнында (орындарында) карточкалық жабдық арқылы жүргізілген карточкалық операциялар бойынша Кәсіпорынның банктік шотына ақша аударуға міндеттенеді. 	<p>1.7. В соответствии с условиями настоящего Договора, Банк обязуется:</p> <ul style="list-style-type: none"> -произвести настройку и подключение оборудования к услуге Банка по приему оплаты за товар и/или оказание услуг и/или оплату выполненных работ по платежным карточкам; -произвести установку карточного оборудования в пункте(-ах) обслуживания Предприятия, указанных в Заявлении о присоединении; -обучать персонал пункта(-ов) обслуживания Предприятия приему карточек к оплате; -производить зачисление денег на банковский счет Предприятия по карточным операциям, проведенным посредством карточного оборудования в пункте(-ах) обслуживания Предприятия, указанных в Заявлении о присоединении.
<p>2. Банк көрсеткен қызметтің ақысын төлеу тәртібі</p>	<p>2. Порядок оплаты услуг Банка</p>
<p>2.1. Кәсіпорын Банктің тарифтерімен Банктің барлық бөлімшелерінде және Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет сайты арқылы таныса алады.</p>	<p>2.1. Тарифы Банка доступны для ознакомления Предприятию во всех отделениях Банка и на Интернет сайте Банка по адресу: www.bcc.kz.</p>
<p>2.2. Кәсіпорын Банк ұсынған жабдық бойынша жүргізілген карточкалық операциялардың айналымдары бойынша комиссияны Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында орналастырылған Банктің тарифтеріне сәйкес төлеуге міндеттенеді.</p>	<p>2.2. Предприятие обязуется оплачивать комиссию по оборотам проведенных карточных операций по оборудованию предоставленному Банком согласно тарифам Банка, размещенным на интернет-ресурсе Банка www.bcc.kz.</p>
<p>2.3. POS-терминалдар бойынша карточкалық операциялардың ай сайынғы айналымы Банктің</p>	<p>2.3. В случае, если ежемесячный оборот карточных операций по POS-терминалам</p>

<p>www.bcc.kz интернет-ресурсында көрсетілген шекті мөлшерден төмен соманы құраған жағдайда, Кәсіпорын осындай әрбір жағдай үшін Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында орналастырылған Банктің тарифтеріне сәйкес комиссия төлеуге міндеттенеді.</p>	<p>составит сумму меньше порогового значения, указанного на интернет ресурсе Банка www.bcc.kz, Предприятие обязуется оплачивать комиссию, согласно тарифам Банка, размещенным на интернет ресурсе Банка www.bcc.kz за отчетный месяц, в котором наступил такой случай.</p>
<p>2.4. Банктің комиссиясын Кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Банкте ашылған Кәсіпорынның кез келген банктік шоттарынан Банктің тікелей дебеттеуі арқылы төлейді.</p>	<p>2.4. Комиссии Банка оплачиваются Предприятием путем прямого дебетования Банком любых банковских счетов Предприятия, открытых в Банке в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>2.5. Кәсіпорын осы Шартты жасай отырып, Банкке Кәсіпорынның Банктің алдындағы міндеттемелері бойынша берешек сомасын акцептісіз алып қою (есептен шығару) құқығын береді.</p>	<p>2.5. Заключением настоящего Договора, Предприятие предоставляет безусловное право Банку на безакцептное изъятие (списание) всех сумм Задолженности по обязательствам Предприятия перед Банком.</p>
<p>2.6. Кәсіпорын осы Шарт бойынша Банк көрсеткен қызметке төлем жасау бойынша тарифтердің мөлшері келесі түрде, яғни: 1) Банктің операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесінде (Банктің операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесі Банктің www.bcc.kz сайтында орналастырылған) көзделген Шарт жасалған күні қолданыста болатын тарифтердің шекті шамасының аясында; 2) және/немесе Кәсіпорынға осы Шартта көзделген кез келген тәсіл (Банктің www.bcc.kz сайтына ақпарат орналастыруды қоса алғанда) арқылы Банктің қызметіне төлем жасау бойынша белгіленген тарифтердің мөлшерін өзгерту жөніндегі Банктің қалауы туралы хабарландыру жіберу арқылы ұлғаю жағына қарай өзгеруі мүмкін екеніне келіседі. Банктің хабарландыруында көрсетілген мерзім ішінде Кәсіпорын өзгертілген тарифтерді қабылдаудан бас тартатыны туралы жазбаша өтінішпен Банкке хабарласпаған жағдайда, Кәсіпорын тарифтерді қабылдаған болып есептеледі. Сондай-ақ Кәсіпорын жаңа Өнімдер/Банктің қызметтері бойынша жаңа тарифтер енгізу арқылы тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы екеніне келіседі.</p>	<p>2.6. Предприятие согласно с тем, что размеры Тарифов по оплате услуг Банка по настоящему Договору могут изменяться, в том числе в сторону увеличения, следующим образом: 1) только в рамках предельных величин Тарифов, действующих на дату заключения Договора, которые предусмотрены в правилах об общих условиях проведения операций Банка (правила об общих условиях проведения операций Банка размещены на сайте Банка www.bcc.kz); 2) и/или путем направления уведомления Предприятию любым из способов, предусмотренных настоящим Договором (включая размещение информации на сайте Банка www.bcc.kz), о желании Банка изменить размеры Тарифов по оплате услуг Банка. В случае, если в течение срока, указанного в уведомлении Банка, Предприятие не обратится в Банк с письменным заявлением об отказе в принятии изменяемых Тарифов, Тарифы считаются принятыми Предприятием. Предприятие согласно с тем, что Банк вправе вносить изменения в Тарифы в одностороннем порядке путем ввода новых Тарифов по новым Продуктам/услугам Банка.</p>
<p>2.7. Банк Кәсіпорынға тарифтерге енгізу жоспарланған өзгерістер туралы өзгеріс енгізіледі деп болжанған күннен 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет желісіне ақпарат орналастыру арқылы және/немесе Шарттың 4.17.-тармағында көрсетілген тәсілмен Кәсіпорынға хабарландыру жіберу арқылы хабарлайды.</p>	<p>2.7. О планируемых изменениях в Тарифы, Банк информирует Предприятие путем размещения информации за 15 (пятнадцать) календарных дней до предполагаемой даты изменений на сайте Банка в сети Интернет по адресу www.bcc.kz и/или путем направления уведомления Предприятию способом, указанным в пункте 4.17. Договора.</p>

3. Банктің міндеттері:	3. Банк обязуется:
3.1. Қабылдау-өткізу актісі бойынша Кәсіпорынға бұзылмаған күйде Жабдықты беру;	3.1. Предоставить Предприятию оборудование по акту приема-передачи в исправном состоянии;
3.2. Кәсіпорынға Жабдықпен қоса қабылдау-өткізу актісі бойынша төменде көрсетілген нұсқаулықтарды беру: - карточкалар мен жеке тұлғасын куәландыратын құжаттардың түпнұсқалығының, жарамсыздығының және/немесе жасандылығының, сондай-ақ клиенттердің күмәнді жүріс-тұрысының белгілері; - карточкалық операция жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулық; - карточка ұстаушыларға POS-терминал арқылы қызмет көрсету бойынша нұсқаулық; - POS-терминалды пайдалану бойынша нұсқаулық;	3.2. Предоставить Предприятию вместе с оборудованием по акту приема-передачи следующие инструкции: - признаки подлинности, недействительности и/или поддельности карточек и документов, удостоверяющих личность, а так же подозрительного поведения клиентов; - инструкция о мерах безопасности при проведении карточной операции; - инструкция по обслуживанию держателей карточек посредством POS-терминала; - инструкция по эксплуатации POS-терминала;
3.3. Жабдықты Кәсіпорында орналастыру, күйге келтіру, жабдықты іске қосу, 3.2.-тармақта көрсетілген нұсқаулықтарды ұсына отырып, Кәсіпорын қызметкерлерін жабдықпен жұмыс істеуге үйрету;	3.3. Установить оборудование на Предприятии, произвести настройку, подключение оборудования, обучить персонал Предприятия работе с оборудованием, с предоставлением инструкций, указанных в п. 3.2;
3.4. Процессинг орталығынан Кәсіпорында жүргізілген карточкалық операциялар туралы есепті алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде осы Шарттың талаптарына сәйкес Банкке тиесілі комиссияны ұстап қалып, карточкаларды пайдалану арқылы іске асырылған тауарларға (қызметтерге) төлем жасауға арналған деректемелерге сәйкес Кәсіпорынның банктік шотына ақша аудару;	3.4. В течение 3 (трех) банковских дней со дня получения из процессингового центра отчета о проведенных на Предприятии карточных операциях, произвести зачисление денег на банковский счет Предприятия согласно реквизитам, в уплату реализованных с использованием карточек товаров (услуг), удерживая причитающуюся Банку комиссию, согласно условиям настоящего Договора;
3.5. Жабдықтың бұзылуы туралы актіге сәйкес Кәсіпорынның кінәсінен болмаған жағдайда, бұзылған Жабдықты ауыстыру немесе жөндеу;	3.5. Производить замену или ремонт оборудования при его поломке, произошедшей не по вине Предприятия согласно акту о неисправностях;
3.6. Қажет болған кезде Кәсіпорынды шығыс материалдарымен (төлем жүйелерінің логотипі көрсетілген жапсырмалармен) қамтамасыз ету;	3.6. По мере необходимости обеспечивать Предприятие расходными материалами (наклейками с логотипами платежных систем);
3.7. Кәсіпорынды жұмыс күндері Астана уақытымен сағат 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсетуге байланысты кеңес беруді қамтамасыз ету;	3.7. Обеспечить в рабочие дни Предприятие консультациями, связанными с обслуживанием держателей платежных карточек с 9.00 до 18.00 по времени Астаны;
3.8. Кәсіпорынның қызметкерлеріне карточкалық операцияларды жүргізу және оны ресімдеу тәртібін оқыту. Оқыту қорытындысы бойынша Кәсіпорынның қызметкерлерін оқыту туралы акт құрылады;	3.8. Производить обучение персонала Предприятия порядку проведения и оформлению карточных операций. По итогам проведения обучения составляется акт обучения сотрудников Предприятия.
3.9. Кәсіпорынмен күнін алдын ала келісімге алып, айына бір рет Кәсіпорынның қызмет көрсету орындарында жүргізілген карточкалық	3.9. Один раз в месяц по предварительному согласованию с Предприятием даты, предоставлять выписки, содержащие

<p>операциялар туралы ақпараттарды қамтитын үзінді көшірмені ұсыну.</p>	<p>информацию о карточных операциях произведенных в пунктах обслуживания Предприятия.</p>
<p>4. Банктің құқықтары:</p>	<p>4. Банк вправе:</p>
<p>4.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Кәсіпорынның пайдасына жасалған кез келген төлемдерден Банктен Төлем жүйелері немесе Процессинг орталығы арқылы өндірілген чектен (чектерден) ақша сомаларын ұстап қалу, ал мұндай төлемдер өндіріп алған сомаларды жабуға жеткіліксіз болған жағдайда, Кәсіпорын осы Шарттың келесі жолдармен:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Банктің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Кәсіпорынның Банкте ашылған кез келген банктік шоттарын тікелей дебеттеуі арқылы; - сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін басқа тәсілдер арқылы жетпейтін соманы акцептісіз алуға жеткілікті негіз болып табылатынын растайды және оған келіседі. <p>Осы тармақта көрсетілген ақшаны акцептісіз есептен шығару тәртібі Банктің шығынын өтеуге, өсімпұлды, айыппұлды төлеуге, Кәсіпорынның шоттарынан ақшаны есептен шығаруға қатысты осы Шарттың барлық қағидаларына қатысты қолданылады;</p>	<p>4.1. Удерживать суммы денег из любых платежей, производимых в пользу Предприятия, в соответствии с условиями настоящего Договора, взысканных с Банка платежными системами или Процессинговым центром чека (-ов), а при недостаточности таких платежей для покрытия взысканных сумм, Предприятие подтверждает и соглашается, что настоящий Договор, является достаточным основанием для безакцептного изъятия недостающих сумм следующим путем:</p> <ul style="list-style-type: none"> - путем прямого дебетования Банком любых банковских счетов Предприятия открытых в Банке в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан; - а также иными способами, не противоречащими требованиям действующего законодательства Республики Казахстан. <p>Указанный в настоящем пункте порядок безакцептного списания денег распространяется на все положения настоящего Договора, затрагивающие возмещение ущерба Банку, оплату пени, штрафа, списание денег со счетов Предприятия.</p>
<p>4.2. Кәсіпорынның жауапты қызметкерлерінің осы Шарттың қағидаларын және ұсынылған нұсқаулықтарды Шарттың 3.2-тармағына сәйкес орындауын тексеру;</p>	<p>4.2. Проверять соблюдение ответственным персоналом Предприятия положений настоящего Договора и предоставленных инструкций в соответствии с пунктом 3.2. Договора.</p>
<p>4.3. Жабдықтың сақталуын, оның дұрыстығын және Кәсіпорынның оны пайдалану тәртібін тексеру;</p>	<p>4.3. Осуществлять проверку сохранности оборудования, его исправности и порядка использования Предприятием.</p>
<p>4.4. Өз қалауы бойынша Банктің және Кәсіпорынның уәкілетті қызметкерлері немесе Кәсіпорын актіге қол қоюдан бас тартқан не Банк талап еткен мерзімде қол қоймаған жағдайда, тек Банк қана қол қойған сәйкес актілердің негізінде жабдықты алып қою немесе ауыстыру;</p>	<p>4.4. По своему усмотрению изъять или заменить оборудование с последующим подписанием соответствующих актов уполномоченными работниками Банка и Предприятия, либо только Банком в случае отказа Предприятия от подписания акта или не подписания в требуемые Банком сроки.</p>
<p>4.5. Қабылдау-өткізу актісі бойынша берілген жабдық, қуат беру блогы, SAM модулі немесе басқа да құрылғылар бұзылған/сынған немесе жоғалған жағдайда, талап пен төлем жасау шотын ұсыну арқылы Кәсіпорыннан оның құнын өндіріп алу. Соның негізінде берілетін Жабдықтардың атауы, саны және құны қабылдау-өткізу актісінде көрсетіледі. Егер жоғарыда көрсетілген актіде жабдықтардың</p>	<p>4.5. Взыскать с Предприятия стоимость оборудования, блока питания, SAM модуля или других устройств переданных по акту приемов передачи в случае его порчи/поломки или утери путем выставления требования и счета на оплату. Наименование, количество и стоимость оборудования указываются в акте приема-передачи, на основании которого оно передается. Если в вышеуказанном акте не</p>

<p>құны көрсетілмеген болса, Банк жабдықты баланстық құны бойынша бағалайды. Ұсынылған талапты және шотты Кәсіпорын уақытылы төлемеген жағдайда, Шарттың 4.1-тармағында көзделген тәртіппен сәйкес соманы есептен шығару;</p>	<p>указана стоимость оборудования, оборудование оценивается Банком по балансовой стоимости. В случае несвоевременной оплаты Предприятием выставленного требования и счета на оплату, списать соответствующую сумму в порядке предусмотренном п. 4.1. Договора.</p>
<p>4.6. Кәсіпорында осы Шартта көзделген талаптарды және осы Шарттың 3.2-тармағына сәйкес ұсынылған нұсқаулықтарды бұза отырып жасалған карточкалық операцияларды біржақты тәртіппен жарамсыз деп санау;</p>	<p>4.6. В одностороннем порядке считать карточную операцию недействительной, совершенной на Предприятии с нарушением условий предусмотренных настоящим Договором и предоставленных инструкций в соответствии с пунктом 3.2. настоящего Договора.</p>
<p>4.7. Күмәнді карточкалық операциялар жүргізілген кезде, Кәсіпорында және/немесе Кәсіпорынның қызмет көрсету орындарында осындай карточкалық операциялардың жүргізілу жағдайын анықтау;</p>	<p>4.7. При проведении подозрительной карточной операции выяснять обстоятельства проведения такой карточной операции на Предприятии и/или в пунктах обслуживания Предприятия.</p>
<p>4.8. Кәсіпорынның банктік шотына қате, күмәнді, заңсыз немесе даулы карточкалық операциялар бойынша, туындаған даулы жағдайлар шешілгенге дейін ақша аудармау. Банк карточкалық операциялардың қателігін, күмәнділігін немесе даулы жағдайда болуын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және төлем жүйелерінің ережелеріне сәйкес өз бетінше анықтайды.</p>	<p>4.8. Не производить перевод денег на банковский счет Предприятия по заведомо ошибочным, подозрительным, несанкционированным или спорным карточным операциям до разрешения возникшей спорной ситуации. Банк самостоятельно определяет параметры ошибочности, подозрительности или спорности карточной операции в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и правилами платежных систем.</p>
<p>4.9. Кәсіпорынның қызметкерлері тарапынан 3.2.-тармақта көрсетілген нұсқаулықтар бұзылған жағдайда немесе Кәсіпорында заңсыз карточкалық операциялар жүргізілген жағдайда, Банк орнаған жағдай реттелгенге дейін Кәсіпорынның пайдасына ақша аудармауға құқылы;</p>	<p>4.9. В случае нарушения инструкций, указанных в п. 3.2 со стороны работников Предприятия или в случае выявления несанкционированных карточных операций на Предприятии Банк вправе не перечислять деньги в пользу Предприятия до урегулирования сложившейся ситуации.</p>
<p>4.10. Осы Шарттың 4.1.-тармағында көзделген тәртіппен Кәсіпорынның кез келген банктік шотынан оны жүргізуге байланысты талаптарды бұза отырып жасалған карточкалық операцияның және/немесе заңсыз карточкалық операцияның сомасын акцептісіз тәртіппен есептен шығару. Осындай карточкалық операцияның сомасы Кәсіпорынның шотына болашақта түсетін түсімдерден есептен шығарылуы мүмкін.</p>	<p>4.10. В безакцептном порядке списать сумму несанкционированной карточной операции и/или карточной операции, совершенной с нарушением требований к её проведению с любых банковских счетов Предприятия, в порядке, предусмотренном п. 4.1. настоящего Договора. Сумма такой карточной операции может быть списана из будущих поступлений на счет Предприятия.</p>
<p>4.11. Кері қайтарылатын карточкалық операция бойынша Кәсіпорынға болашақта түсетін төлемдер (Кәсіпорынға өтелетін) сомасынан кері қайтарылатын карточкалық операциялар сомасын ұстап қалу. Егер ұсталатын сома ағымдағы төлемдер сомасынан (Кәсіпорынға</p>	<p>4.11. По возвратной карточной операции, удержать сумму возвратной карточной операции из причитающихся Предприятию сумм будущих платежей (возмещения Предприятию). Если удерживаемая сумма превышает сумму текущих платежей</p>

<p>өтелетін) артық болса, Шарттың 4.1.-тармағында белгіленген акцептісіз тәртіппен Кәсіпорынның кез келген банктік шотынан кері қайтарылатын карточкалық операциялар бойынша жетпеген соманы есептен шығару. Бұл кезде аталған карточкалық операция бойынша Банк Кәсіпорыннан ұстап қалған комиссиялық сыйақы қайтарылады.</p>	<p>(возмещения Предприятию), списать недостающую сумму денег возвратной карточной операции с любых банковских счетов Предприятия в безакцептном порядке, определенном п. 4.1. Договора. При этом комиссионное вознаграждение по данной карточной операции, удержанное Банком с Предприятия подлежит возврату.</p>
<p>4.12. Бір карточкалық операцияға ақшалай мәндегі лимит пен Кәсіпорынның қызмет көрсету орындарында бір жабдық арқылы жүргізілген карточкалық операциялардың жиынтығы бойынша ақшалай мәндегі тәуліктік лимит белгілеу.</p>	<p>4.12. Установить лимит в денежном выражении на одну карточную операцию и суточный лимит в денежном выражении по совокупности карточных операций, проведенным посредством одного оборудования в пункте(-ах) обслуживания Предприятия.</p>
<p>4.13. Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет ресурсына орналастыру арқылы осы Шартқа және Қосымшаларға біржақты тәртіппен өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу.</p>	<p>4.13. В одностороннем порядке вносить изменения и/или дополнения в настоящий Договор и Приложения, разместив на интернет ресурсе Банка по адресу www.bcc.kz.</p>
<p>4.14. алынып тасталған.</p>	<p>4.14. исключен.</p>
<p>4.15. Шарт бұзылған жағдайларда, кіру есіктерінен Банктің логотиптері бар жапсырмалар алынып тасталсын.</p>	<p>4.15. В случаях расторжения Договора снять с входных дверей наклейки с логотипами Банка.</p>
<p>4.16. Осы Шарттың 12.1.-тармағына сәйкес, сонымен қатар келесі жағдайларда:</p> <p>4.16.1. заңсыз карточкалық операциялар немесе алаяқтық операциялар жүргізілген жағдайда;</p> <p>4.16.2. Кәсіпорын тарапынан жабдықты сақтауды қамтамасыз ету шаралары жүргізілмеген жағдайда;</p> <p>4.16.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.</p> <p>4.16.4. Кәсіпорынның және Банктің уәкілетті жұмыскерлері немесе тек Банктің уәкілетті жұмыскері қол қойған Қабылдау-өткізу актісінің негізінде міндетті түрде жабдықтар мен шығыс материалдарын алып алу арқылы Шарттың 2.3 және/немесе 5,35-тармақтарында көзделген талаптарды орындамаған.</p>	<p>4.16. В одностороннем порядке расторгнуть настоящий Договор согласно пункту 12.1. настоящего Договора, а также в следующих случаях:</p> <p>4.16.1. проведения несанкционированных карточных операций или мошеннических операций;</p> <p>4.16.2. отсутствия мер со стороны Предприятия по обеспечению сохранности оборудования;</p> <p>4.16.3. по основаниям, предусмотренным действующим законодательством Республики Казахстан.</p> <p>4.16.4. невыполнения условий, предусмотренных пунктами 2.3 и/или 5.35 Договора, с обязательным изъятием оборудования и расходных материалов на основании акта приема-передачи, подписанного уполномоченными работниками Предприятия и Банка, либо только уполномоченным работником Банка.</p>
<p>4.17. Банк Кәсіпорынға Қосылу туралы өтініште немесе Банкке жөнелтілген басқа құжаттарда көрсетілген, Кәсіпорын ұсынған деректемелер (соның ішінде пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, факс нөмірі, стационарлық немесе мобильді телефон және т.б.) бойынша және/немесе Банктің интернет-сайтына ақпарат орналастыру арқылы кез келген ақпараттық материалдарды (соның ішінде</p>	<p>4.17. Банк имеет право направлять Предприятию любые информационные материалы (в т.ч. уведомления) по реквизитам предоставленным Предприятием (в том числе почтовому адресу, адресу электронной почты, номеру факса, стационарного или мобильного телефона и т.д.), указанным в Заявлении о присоединении или в иных направленных Банку документах, и/или путем размещения</p>

хабарламаларды) жіберуге құқылы.	информации на интернет-сайте Банка.
5. Кәсіпорынның міндеттері:	5. Предприятие обязуется:
5.1. Банктің талап етуі бойынша Банк көрсеткен мерзімде Банктің ішкі құжаттарында белгіленген Кәсіпорынның қызметі туралы барлық қажетті ақпаратты беру;	5.1. Предоставить по требованию Банка все необходимые документы о деятельности Предприятия, установленные внутренними документами Банка в сроки указанные Банком.
5.2. Осы Шарттың қағидаларын қатаң сақтау, сондай-ақ Шарттың 3.2-тармағына сәйкес Банк ұсынатын нұсқаулық материалдарында қамтылған талаптарды орындау;	5.2. Строго соблюдать условия настоящего Договора, а также выполнять требования, содержащиеся в инструктивных материалах, предоставляемых Банком согласно пункту 3.2. Договора.
5.3. Банктің ұсыныстарын ескере отырып, Жабдықты орнату үшін орын бөлу, оны электр қуаты көздеріне қосуды қамтамасыз ету, сондай-ақ электр қуаты, егер жабдық қол жеткізу нүктесі арқылы Кәсіпорынның интернетіне қосылған болса, интернет қызметі үшін төлем жасауға қатысты шығындарды өтеу;	5.3. С учетом рекомендаций Банка выделить место для установки Оборудования, обеспечить его подключение к сети электропитания, а также нести расходы связанные с оплатой электроэнергии, услуг интернета, если оборудование подключено через точку доступа в интернет Предприятия.
5.4. Төлем карточкаларын ұстаушылардың ДСН-кодтарын жария етуді болдырмау үшін касса аймақтарында (болғн жағдайда) бейнебақылау камераларын дұрыс орнату бойынша талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;	5.4. Обеспечить соблюдение требований по правильной установке камер видеонаблюдения в кассовых зонах (в случае их наличия), для исключения компрометации ПИН-кодов держателей платежных карт.
5.5. Банктен алынған жабдықтың сақталуын, тұтастығын және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Жабдықты бөтен тұлғалардың қолдануына рұқсат бермеу;	5.5. Обеспечить сохранность, целостность и физическую безопасность полученного от Банка Оборудования. Исключить доступ посторонних лиц к Оборудованию.
5.6. Скимминг құрылғысын орнатпауға қатысты Жабдықты күнделікті тексеруді қамтамасыз ету;	5.6. Обеспечить ежедневный осмотр Оборудования на отсутствие скимминговых устройств.
5.7. Төлем карточкаларын ұстаушылардың деректерін жария етпеу мақсатында Жабдықты бағдарламалық және/немесе аппараттық белгілердің модификациясынан сақтау;	5.7. Защищать Оборудование от модификации программными и/или аппаратными закладками, в целях исключения компрометации данных держателей платежных карт.
5.8. Банктен алынған Жабдықтың механикалық және басқадай зақымдануына жол бермеу; Жабдықты өз күшімен немесе үшінші тараптарды тарту арқылы жөндеуге (күйге келтіруге) тырыспау;	5.8. Не допускать механических и других повреждений полученного от Банка Оборудования. Не пытаться производить ремонт (настройку) Оборудования своими силами или с привлечением третьих лиц.
5.9. Банк осы Шарттың талаптарына сәйкес ұсынған шоттарға 5 жұмыс күні ішінде төлем жасау;	5.9. В течение 5 (пяти) рабочих дней оплатить счета, предъявляемые Банком в соответствии с условиями настоящего Договора.
5.10. Жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес мақсатына сай пайдалану; Жабдықты, сондай-ақ нұсқаулық материалдарын үшінші тұлғаларға бермеу;	5.10. Использовать Оборудование в соответствии с его целевым назначением, согласно инструкции по эксплуатации. Не передавать Оборудование, а также инструктивные материалы третьим лицам.
5.11. Жабдықты Шарттың қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін үш күн ішінде қалыпты күйінде Банкке тапсыру;	5.11. Передать Банку Оборудование в исправном состоянии по окончании действия Договора в течение трех дней.

<p>5.12. POS-терминалдарды пайдалану нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде, бірақ 30 күнтізбелік күн ішінде кем дегенде бір рет «Қорытындыны салыстырып тексеру» операциясын жүргізу;</p>	<p>5.12. Регулярно, но не реже одного раза в 30 (тридцать) календарных дней осуществлять операцию «Сверка итогов» согласно инструкции по эксплуатации POS-терминала.</p>
<p>5.13. Осы Шарттың талаптарына және ұсынылған нұсқаулықтарға сәйкес Кәсіпорын іске асырған тауарлар мен қызметтерге төлем жасау үшін карточкаларды қабылдау;</p>	<p>5.13. Принимать карточки, для оплаты реализуемых Предприятием товаров и услуг в соответствии с условиями настоящего Договора, предоставленными инструкциями.</p>
<p>5.14. Өсылу туралы өтінішке қол қойған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке Кәсіпорында карточкалық операцияларды жүргізу құқығы берілетін Кәсіпорын қызметкерлерінің тізімін беру;</p>	<p>5.14. В течение 3 (трех) банковских дней со дня подписания Заявления о присоединении предоставить в Банк список работников Предприятия, которым будет предоставлено право на проведение карточных операций на Предприятии.</p>
<p>5.15. Кәсіпорынның жауапты қызметкерлерін осы Шарт бойынша талаптармен және міндеттермен таныстыру;</p>	<p>5.15. Ознакомить ответственный персонал Предприятия с условиями и обязанностями по настоящему Договору.</p>
<p>5.16. Кәсіпорынның жауапты қызметкерлерінің осы Шарттың және Шарттың 3.2.-тармағына сәйкес Банк ұсынатын нұсқаулықтың талаптарын тиісті дәрежеде орындауын қамтамасыз ету;</p>	<p>5.16. Обеспечить надлежащее выполнение ответственными работниками Предприятия условий настоящего Договора и инструкций предоставляемых Банком согласно пункту 3.2. Договора.</p>
<p>5.17. Банк қызметкерлері нұсқаулық берген Кәсіпорынның жауапты қызметкерлеріне ғана карточкалық операциялар жүргізуге рұқсат беру. Кәсіпорынның карточкалық операцияларды жүргізетін және ресімдейтін жауапты қызметкері ауысқан жағдайда, жауапты қызметкерлер ауысады деп болжанған күннен кемінде 5 (бес) банктік күн бұрын Кәсіпорынның карточкалық операцияларды жүргізу құқығы берілетін қызметкерлерін оқыту туралы Банкке жазбаша өтініш беру;</p>	<p>5.17. Допускать к проведению карточных операций только ответственных работников Предприятия, проинструктированных сотрудниками Банка. В случае замены ответственных работников Предприятия, осуществляющих проведение и оформление карточных операций, обратиться в Банк с письменным заявлением о проведении обучения работников Предприятия, которым будет предоставлено право на проведение карточных операций на Предприятии, не менее чем за 5 (пять) банковских дней до предполагаемой даты замены ответственных работников.</p>
<p>5.18. Тауарларды (жұмыстар, қызметтер) іске асыратын орындарда Кәсіпорынға қызмет көрсететін төлем жүйелерінің логотипі бар жапсырмаларды, Банктің жарнамалық материалдарын орналастыру;</p>	<p>5.18. В местах реализации товаров (работ, услуг) размещать наклейки с логотипами платежных систем, обслуживаемых Предприятием, рекламный материал Банка.</p>
<p>5.19. Карточка ұстаушыларға қолма-қол ақшамен төлем жасау кезінде Кәсіпорынның бағасынан аспайтын бағада тауарлар мен қызметтердің толық жиынтығын беру;</p>	<p>5.19. Предоставлять держателям карточек полный набор товаров и услуг по ценам, не превышающим цены Предприятия при оплате наличными деньгами.</p>
<p>5.20. Карточка ұстаушы төлем жасауға ұсынған карточкаларды төлем жасауға қабылдағанда негізсіз бас тарту жағдайларын болдырмау;</p>	<p>5.20. Не допускать случаев не обоснованного отказа в принятии к оплате карточки, предъявленной к оплате держателем карточки.</p>
<p>5.21. 50 000 (елу мың) теңгеден астам сомада сауда жасалған кезде, карточка ұстаушыдан карточканың ұстаушысына тиесілі екенін анықтау үшін жеке куәлігін/төлқұжатын көрсетуді талап ету, сондай-ақ жеке</p>	<p>5.21. При осуществлении покупки свыше 50 000 тенге (пятьдесят тысяч) тенге, требовать с держателя карточки предъявления удостоверения личности/паспорт для установления принадлежности карточки ее</p>

<p>куәліктегі/төлқұжаттағы қолдарды карточкадағы және чектегі қолдармен салыстыру. Басып шығарылған чектегі карточканың нөмірін карточканың нөмірімен міндетті түрде салыстырып тексеру;</p>	<p>держателю, а также сверить подпись на удостоверении личности/паспорте с подписью на карточке и чеке. Обязательно сверить номер карточки на распечатанном чеке с номером карточки.</p>
<p>5.22. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның талаптарына сәйкес, оның ішінде дербес сәйкестендіру нөмірі арқылы төлем карточкасын ұстаушы аталған төлемге рұқсат берген жағдайда немесе Эквайермен жасалған шартта басқаша белгіленбесе, Кәсіпорын төлем карточкасын ұстаушының сауда чегіне қол қоюын талап етпейді;</p>	<p>5.22. Предприятие не требует подписания держателем платежной карточки торгового чека, в случае если данный платеж санкционирован держателем платежной карточки в соответствии с требованиями Закона о платежах, в том числе с помощью персонального идентификационного номера или если иное не установлено Договором, заключенным с эквайером.</p>
<p>5.23. Карточка ұстаушы транзакция жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күннің ішінде тауарды қайтарған және/немесе Кәсіпорынның қызметінен бас тартқан жағдайда, Кәсіпорынның жауапты қызметкері «Карточка иелеріне POS-терминал арқылы қызмет көрсету бойынша нұсқаулықта» көзделген тәртіппен «тауарға төлем жасаудан бас тарту» операциясын жүзеге асырады;</p>	<p>5.23. В случае возврата держателем карточки товара в течение 14 (четырнадцати) дней с даты проведения транзакции и/или отказа от услуг Предприятия, ответственный сотрудник Предприятия выполняет операцию «отмена оплаты товара» в порядке, предусмотренном «Инструкцией по обслуживанию держателей карточек посредством POS-терминала».</p>
<p>5.24. Чектердің даналары мен көшірмелерін, сондай-ақ Кәсіпорында карточкалық операцияларды жүзеге асыруға байланысты басқа ақпаратты карточкалық операцияны жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы құпияда сақтау және Банктің жазбаша талабын алған күннен бастап 3 банктік күн ішінде оларды Банкке беру;</p>	<p>5.24. Хранить в условиях конфиденциальности экземпляры и копии чеков, а также иную информацию, связанную с осуществленными на Предприятии карточными операциями, в течение 5 (пяти) лет с даты осуществления карточной операции и предоставлять их в Банк в течение 3-х банковских дней со дня получения письменного требования от Банка.</p>
<p>5.25. Қолданыс мерзімі әлі орнамаған, жасандылық белгілері бар немесе осы Шарт бойынша белгіленген талаптарға және/немесе Банктің нұсқаулық материалдарына сәйкес келмейтін, заңсыз карточка ұстаушы көрсеткен, сондай-ақ карточканы шығарған Банктің талабы бойынша карточкаларға қызмет көрсетуден бас тарту;</p>	<p>5.25. Отказать в обслуживании карточки, срок действия которой истек или еще не наступил, карточки с признаками подделки или несоответствующей требованиям, установленным настоящим Договором и/или инструктивным материалам Банка, предъявленной незаконным держателем карточки, а также по требованию Банка-эмитента карточки.</p>
<p>5.26. Осы Шарттың талаптарын, сондай-ақ карточка ұстаушылар жүргізген карточкалық операциялар туралы ақпаратты алдын ала Банктің жазбаша келісімінсіз жарияламау;</p>	<p>5.26. Не разглашать условия настоящего Договора, а также информацию о произведенных держателями карточек карточных операциях без предварительного письменного согласия Банка.</p>
<p>5.27. Банктің қызметкерлеріне Кәсіпорынға Банк берген Жабдықтарға тексеру жүргізу үшін және Кәсіпорынның осы Шарттың талаптарын және 3.2-тармаққа сәйкес ұсынылған нұсқаулықтардың орындалуын инспекциялау үшін Кәсіпорынға және/немесе Кәсіпорынның қызмет көрсететін орындарына кедергісіз кіру мүмкіндігін беру. Тексеру қорытындысы бойынша Кәсіпорынды инспекциялау актісі</p>	<p>5.27. Предоставить сотрудникам Банка беспрепятственный доступ на Предприятие и/или точку обслуживания Предприятия для проведения проверки Оборудования, переданного Предприятию Банком, и выполнение Предприятием условий настоящего Договора и предоставленных инструкций в соответствии с пунктом 3.2. По результатам проверки составляется акт</p>

<p>жасалады;</p> <p>5.28. Карточка жарамсыз, жасанды болып шықса немесе оны карточканы ұстаушы болып табылмайтын тұлға пайдаланса, сондай-ақ карточканың Эмитент банкінен «Карточканы алып қою» деген хабар алынған жағдайда, Кәсіпорын Банкке хабарлап, егер Кәсіпорынның қызметкеріне қауіп төндірмейтін болса, кез келген саналы және бейбіт жолмен карточканы ұстап қалу және оны Банкке тапсыру;</p>	<p>инспектирования Предприятия.</p> <p>5.28. В случае если карточка окажется недействительной, подделанной или будет использоваться лицом, не являющимся держателем карточки, а также при получении от Банка-эмитента карточки сообщение «изъять карточку», Предприятие обязано поставить в известность Банк, задержать карточку любыми разумными и мирными средствами, если это не угрожает безопасности персонала Предприятия и передать карточку в Банк.</p>
<p>5.29. Банктен сәйкес хабарландыру алған күннен кейін 3 (үш) банктік күн ішінде жабдықтардың табиғи тозуын есепке ала отырып, Кәсіпорынға берген күйінде барлық Жабдықтарды және Банк осы Шарттың негізінде Кәсіпорынға берген шығыс материалдарын Банкке қайтару;</p>	<p>5.29. В течение 3 (трех) банковских дней после получения от Банка соответствующего уведомления вернуть Банку все Оборудование в том же состоянии, в котором оно было передано Предприятию с учетом физического износа и расходные материалы, предоставленные Банком Предприятию на основании настоящего Договора.</p>
<p>5.30. Кәсіпорын Банкте банктік шот ашқан кезде осы Шарт бойынша өздеріне қабылдаған барлық міндеттемелерді орындағанға дейін оны жаппау;</p>	<p>5.30. При открытии Предприятием в Банке банковского счета не закрывать его до исполнения всех принятых на себя обязательств по настоящему Договору.</p>
<p>5.31. Кәсіпорын орналасқан жердің және оның банктік деректемелерінің өзгеруіне байланысты барлық жағдайлар туралы осындай өзгерістер күшіне енген күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде жазбаша түрде Банкке хабарлау. Осы талапты орындамаған жағдайда, ақшаның уақытылы аударылмағаны үшін Банк жауап бермейді;</p>	<p>5.31. Обо всех ситуациях, связанных с изменением места расположения Предприятия и его банковских реквизитов, информировать Банк в письменной форме в течение 5 (пяти) банковских дней со дня вступления в силу таких изменений. В случае невыполнения данного условия Банк не несет ответственности за несвоевременное зачисление денег.</p>
<p>5.32. Банкке хабарламай, Кәсіпорынның POS-терминалының орналасқан жерін ауыстыруға құқығы жоқ.</p>	<p>5.32. Без ведома Банка Предприятие не вправе менять месторасположение POS-терминала.</p>
<p>5.33. Жабдықтың күйіне сәйкес өзгерістер енгізу үшін жабдықты орнату мекенжайының өзгеруі туралы Банкке 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлау.</p>	<p>5.33. Уведомить Банк об изменении адреса установки оборудования в течение 5 (пяти) рабочих дней для внесения соответствующих изменений в настройки оборудования.</p>
<p>5.34. POS терминал WIFI арқылы қосылған жағдайда, Кәсіпорын WIFI роутердің төмендегі қауіпсіздік нормаларына сәйкес келетініне кепілдік береді:</p> <p>1) Жауапты қызметкерлер арасында пікіртерім жүргізу және ілеспе құжатты:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бастапқы күйі бойынша орнатылған шифрлеу кілттерінің орнатқан кезде өзгергеніне; • Осы кілтті білетін кез келген тұлға мекемеден жұмыстан шыққан немесе басқа лауазымға ауысқан кезде шифрлеу кілттерінің ауыстырылатынына қатысты тексеру. <p>2) Қызметкерлер арасында пікіртерім жүргізу</p>	<p>5.34 В случае подключения POS терминала через WIFI предприятие гарантирует соответствие WIFI роутера нормам безопасности:</p> <p>1) Опросить ответственных работников и проверить сопроводительную документацию на предмет того что:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Установленные по умолчанию ключи шифрования были изменены при установке; • Ключи шифрования заменяются каждый раз, когда любое лицо, знающее данные ключ, увольняется из организации либо переходит на другую должность. <p>2) Опросить работников и проверить</p>

және саясаттар мен процедураларды төмендегілерге қатысты тексеру:

- Орнатқан кезде SNMP қосылу жолдарын өзгерту қажет;

- Орнатқан кезде парольдерді және (немесе) бастапқы күйі бойынша қосылу орындарының парольдік сөйлемдерді өзгерту қажет.

3) Вендор құжаттамасын тексеру және жүйе әкімгерінің көмегімен сымсыз құрылғыға кіру, сондай-ақ:

- SNMP қосылу жолдарын олардың бастапқы күйі бойынша пайдаланбайтынын;

- қосылу орындарында белгіленген парольдерді және (немесе) парольдік сөйлемдерді олардың бастапқы күйі бойынша пайдаланбайтынын растау.

4) Вендор құжаттамасын және сымсыз конфигурацияны микробағдарламалық қамтамасыз ету

- Сымсыз желіні аутентификациялау үшін;

- Сымсыз желі бойынша деректерді беру үшін шифрлеудің тұрақты алгоритмін қолдап тұру үшін жаңартылатынына қатысты сымсыз конфигурация күйін тексеру.

5) Вендор құжаттамасын және, егер қолданылатын болса, өндіруші сымсыз құрылғыларда ұсынған, қауіпсіздіктің бастапқы күйі бойынша басқа күйге келтірудің өзгеруіне қатысты сымсыз конфигурацияның күйге келтірілуін тексеру.

6) Карта ұстаушының маңызды деректері (бұдан кейін – КҰД) ашық жалпыға қолжетімді желі арқылы берілген кезде, оларды қорғау үшін тұрақты криптография мен қауіпсіз хаттамаларды пайдалану, сондай-ақ төмендегілерді ескеру:

- Тек сеніп тапсырылған кілттер мен сертификаттар қабылданады;

- Қолдау хаттамасы тек қауіпсіз нұсқада және конфигурацияда пайдаланылады;

- Шифрлеу тұрақтылығы қолданылатын шифрлеу әдістемесіне сәйкес келеді.

7) КҰД ұсынатын немесе КҰД ортасына қосылған барлық сымсыз желілерді анықтау. Құжатталған стандарттарды тексеру және оларды төмендегілерге қатысты барлық сымсыз желілердегі жүйелік конфигурациялармен салыстыру:

- Деректерді аутентификациялаған және берген кезде тұрақты шифрлеуді іске асыру үшін алдыңғы қатарлы тәжірибе қолданылады;

- Деректерді аутентификациялау және беру үшін қорғау шаралары ретінде әлсіз шифрлеу пайдаланылмайды.

политики и процедуры на предмет того, что:

- При установке требуется изменение строк доступа SNMP;

- При установке требуется изменение паролей и (или) парольных фраз по умолчанию к точкам доступа.

3) Проверить документацию вендора и выполнить вход на беспроводные устройства при содействии системного администратора, чтобы подтвердить, что:

- Не используются строки доступа SNMP по умолчанию;

- Не используются пароли и (или) парольные фразы по умолчанию к точкам доступа.

4) Проверить документацию вендора и настройки беспроводной конфигурации на предмет того, что микропрограммное обеспечение беспроводной конфигурации обновлено для того, чтобы поддерживать стойкие алгоритмы шифрования для:

- Аутентификации беспроводных сетей;

- Передачи данных по беспроводным сетям.

5) Проверить документацию вендора и настройки беспроводной конфигурации на предмет того, что прочие настройки безопасности по умолчанию, заданные производителем в беспроводных устройствах, были изменены, если это применимо.

6) Использовать стойкую криптографию и безопасные протоколы, чтобы защитить критичные данные держателя карт (далее - ДДК) при их передаче через открытые общедоступные сети с учетом следующего:

- Принимаются только доверенные ключи и сертификаты;

- Используется протокол поддержки только безопасной версии и конфигурации;

- Стойкость шифрования соответствует используемой методологии шифрования.

7) Выявить все беспроводные сети, передающие ДДК либо подключенные к среде ДДК. Проверить документированные стандарты и сравнить их с системными конфигурациями на предмет того, что во всех беспроводных сетях:

- Применяется передовой отраслевой опыт, чтобы реализовать стойкое шифрование при аутентификации и передачи данных;

- Не используется слабое шифрование (например, WEP, SSL) в качестве защитной меры для аутентификации или передачи данных.

5.35. Карточкалық операциялардың ай сайынғы айналымдарын айына 300 000 (үш жүз мың) теңгеден кем емес мөлшерінде орындауды қамтамасыз ету.	5.35. Обеспечить выполнение ежемесячных оборотов карточных операций не менее 300 000 (трехсот тысяч) тенге в месяц.
5.36. Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсына орналастырылған Шартқа, Банктің тарифтеріне енгізілген өзгерістерді/толықтыруларды өз бетінше қадағалап отыру.	5.36. Самостоятельно отслеживать изменения/дополнения, внесенные в Договор, тарифы Банка, размещенные на интернет-ресурсе Банка www.bcc.kz.
6. Кәсіпорынның құқықтары:	6. Предприятие вправе:
6.1. Жабдықты халықаралық төлем карточкалары бойынша қолма-қолсыз есеп айырысуды жүргізу үшін пайдалану;	6.1. Эксплуатировать оборудование для проведения безналичных расчетов по международным платежным карточкам.
6.2. Банкке істен шыққан жабдықты күйге келтіру, жөндеу (немесе айырбастау), жабдықтың қосымша даналарын бөлу, қызметкерлерге ағымдағы немесе кезектен тыс нұсқау беру туралы өтініш жасау;	6.2. Обращаться к Банку с запросом на осуществление настройки, ремонта (или замены) вышедшего из строя Оборудования, выделения дополнительных единиц оборудования, текущего или внеочередного инструктажа персонала.
6.3. Карточка ұстаушыға осы Шарттың талаптарына, оның қосымшаларына және Банктің нұсқауына сәйкес карточкалық операция жүргізуден бас тарту;	6.3. Отказать держателю карточки в проведении карточной операции в соответствии с условиями настоящего Договора и инструкциями Банка.
6.4. Кәсіпорында жүргізілген карточкалық операциялар туралы үзінді көшірмелер алу;	6.4. Получать выписки о карточных операциях, проведенных на Предприятии.
6.5. Банктік күндері Төлем карточкасын ұстаушыларға қызмет көрсетуге байланысты кеңес алу;	6.5. Получить консультацию, связанную с обслуживанием держателей платежных карточек в банковские дни.
6.6. Кәсіпорынның карточкалық операцияларды жүргізетін және ресімдейтін, Кәсіпорында карточкалық операцияларды жүргізу құқығы берілетін қызметкерлерін оқыту туралы жазбаша өтінішпен Банкке жүгінетін Кәсіпорынның жауапты қызметкерлерін сондай жауапты қызметкерлерді ауыстыру болжанған күннен кемінде 5 (бес) банктік күн бұрын ауыстыру;	6.6. Осуществить замену ответственных работников Предприятия, осуществляющих проведение и оформление карточных операций, обратившись в Банк с письменным заявлением о проведении обучения работников Предприятия, которым будет предоставлено право на проведение карточных операций на Предприятии, не менее чем за 5 (пять) банковских дней до предполагаемой даты замены ответственных работников.
6.7. Банкке жазбаша өтініш берген сәттен бастап 6 (алты) айдан аспайтын мерзімге Кәсіпорынның қызмет көрсету орнындағы (орындарындағы) бір жабдық арқылы жүргізілген бір операцияға лимит белгілеу және карточкалық операциялар бойынша тәуліктік лимит белгілеу лимит қою немесе оны алып тастау туралы жазбаша өтініш білдіру;	6.7. Обратиться в Банк с письменным заявлением об установлении или снятии лимита на одну операцию и суточный лимит по карточным операциям проведенных посредством одного оборудования в пункте(-ах) обслуживания Предприятия, на срок не более 6 (шести) месяцев с момента предоставления письменного заявления.
6.8. 12.2. және 12.3-тармақтарға сәйкес Банк алдында ақшалай міндеттемелер болмаған жағдайда ғана және Банк ұсынған жабдықты қайтару талабымен осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу.	6.8. Расторгнуть настоящий Договор в одностороннем порядке только в случае отсутствия денежных обязательств перед Банком и при условии возврата предоставленного Банком оборудования в соответствии с п. 12.2. и 12.3.
7. Тараптардың жауапкершілігі	7. Ответственность Сторон
7.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе	7.1. Стороны несут ответственность за неисполнение и/или ненадлежащее

тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауап береді.	исполнение своих обязательств по настоящему Договору в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и условиями настоящего Договора.
7.2. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк осы Шарттың талаптарына сәйкес Кәсіпорынға тиесілі ақшаны уақытылы аудармағаны үшін мерзімінен кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімінен кешіктірілген соманың 0,1% мөлшерінде жауапкершілік көтереді.	7.2. Банк несет ответственность за несвоевременный перевод денег, причитающихся Предприятию в соответствии с условиями настоящего Договора в размере 0,1% от просроченной суммы за каждый день просрочки, за исключением случаев предусмотренных настоящим Договором.
7.3. Кәсіпорын жабдыққа қызмет көрсету, оны жөндеу, ауыстыру немесе оның құнын қалпына келтіру бойынша Банк ұсынған шоттарға төлем жасауды кешіктіргені үшін мерзімінен кешіктірілген әр күн үшін шот сомасының 0,1% мөлшерінде жауапкершілік көтереді.	7.3. Предприятие несет ответственность за задержку оплаты выставленных Банком счетов за обслуживание, ремонт, замену или восстановление стоимости оборудования в размере 0,1% от суммы счета за каждый день задержки.
7.4. Осы Шарттың талаптары және нұсқаулықтары құпия болып табылады және заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға ақпарат беру жағдайларын, сондай-ақ ақпаратты акционерлерге, инвесторларға, заң кеңесшілеріне және Банктің аудиторларына жария ету жағдайларын қоспағанда, екінші тараптың алдын ала жасалған жазбаша келісімінсіз басқа тараптың оларды жария етуіне болмайды. Банк және Кәсіпорын осы ақпаратты жария еткені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.	7.4. Условия настоящего Договора и инструкции являются конфиденциальными и не могут быть разглашены одной Стороной, без предварительного письменного согласия другой Стороны, за исключением случаев предоставления информации уполномоченным государственным органам в порядке, определенном законодательством, а также раскрытия информации акционерам, инвесторам, юридическим консультантам и аудиторам Банка. За разглашение этой информации Банк и Предприятие несут ответственность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.
8. Банк:	8. Банк не несет ответственность:
8.1. Туындаған бас тартулар немесе жабдықтың, процессинг орталығының және/немесе төлем жүйелерінің іркілістері, сондай-ақ Кәсіпорында карточка ұстаушыларға көрсетілетін қызметтің уақытша тоқтап қалуына әкеп соғатын, Банкке қатысы жоқ басқа да себептер үшін;	8.1. За возникшие отказы или сбои в работе оборудования, процессингового центра и/или платежных систем, а также за другие, не зависящие от Банка причины, которые могут повлечь за собой временную приостановку обслуживания держателя карточки Предприятием.
8.2. Кәсіпорын мен карточка ұстаушының арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер үшін;	8.2. По спорам и разногласиям, возникающим между Предприятием и держателями карточек.
8.3. Карточкалық операциялар бойынша ақша аударуды мерзімінен кешіктіргені үшін, егер осындай кешіктіру Кәсіпорынның банктік деректерінің өзгергені туралы дер кезінде Банкке хабарламаудың салдарынан туындаса;	8.3. За просрочку сроков перевода денег по карточным операциям в случае, если такая задержка вызвана несвоевременным извещением Банка об изменениях банковских реквизитов Предприятия.
8.4. Кәсіпорын қызметкерінің немесе карточка ұстаушының тарапынан күмәнді немесе алаяқтық әрекеттер байқалған жағдайда, карточкалық операция бойынша ақша аударуды мерзімінен кешіктіргені үшін;	8.4. За просрочку сроков перевода денег по карточным операциям, в случае выявления подозрительных или мошеннических действий со стороны персонала Предприятия или держателя карточки.
8.5. Банкке хабарламай орналасқан жері	8.5. За проведенные мошеннические

өзгертілген жабдық бойынша жүргізілген алаяқтық транзакциялар үшін;	транзакции по оборудованию, месторасположение которого изменили без ведома Банка.
8.6. Біле тұра қателесіп жүргізілген, күмәнді, заңсыз немесе даулы карточкалық операциялар бойынша туындаған даулы жағдайды шешкенге дейін Кәсіпорынның банктік шотына ақша аударуды мерзімінен кешіктіргені үшін;	8.6. За просрочку сроков перевода денег на банковский счет Предприятия по заведомо ошибочным, подозрительным, несанкционированным или спорным карточным операциям до разрешения возникшей спорной ситуации.
8.7. Кәсіпорынның жауапты қызметкері тарапынан карточкалық операцияны жүргізу ережесі бұзылған жағдайда немесе Кәсіпорында заңсыз карточкалық операция жасалған жағдайда, Кәсіпорынның пайдасына ақша аударуды мерзімінен кешіктіргені үшін жауап бермейді.	8.7. За просрочку перевода денег в пользу Предприятия в случае нарушения правил проведения карточных операций со стороны ответственного персонала Предприятия или в случае выявления несанкционированных карточных операций на Предприятии.
9. Кәсіпорын:	9. Предприятие несет ответственность:
9.1. Үшінші тұлғалардың құқықтарын және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуға байланысты Банкке берілген шағым, талап-арыздардың салдарынан туындаған барлық залалды (сот шығыстарын, айыппұлдар төлеу бойынша шығыстарды қосқанда) өтеу үшін;	9.1. За возмещение всех убытков (включая судебные расходы, расходы по уплате штрафов), причиненных Банку вследствие предъявления ему претензий, исков в связи с нарушением прав третьих лиц и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
9.2. Банкке келтірілген залал мөлшерінде, яғни Қабылдау-өткізу актісі бойынша берілген жабдықтың құны мөлшерінде жабдықты қабылдау-өткізу актісіне сәйкес Кәсіпорынға берілген жабдық және басқа да құрылғылар бұзылған/сынған немесе жоғалған жағдайда, Банкке келтірілген залал үшін;	9.2. За ущерб, причиненный Банку в случае порчи/поломки или утери оборудования и других устройств, переданных Предприятию согласно акту приема-передачи оборудования, в размере причиненного Банку ущерба, то есть в размере стоимости оборудования, переданного по акту приема-передачи.
9.3. Осы Шарттың және Банк ұсынған нұсқаулық материалдарының талаптарын бұзуға ықпал ететін Кәсіпорынның жауапты қызметкерлерінің әрекеті және/немесе әрекетсіздігі үшін Банкке келтірілген шығын мөлшерінде;	9.3. За действие и/или бездействие ответственных работников Предприятия, повлекшие за собой нарушение условий настоящего Договора инструктивных материалов, предоставленных Банком, в размере причиненного Банку ущерба.
9.4. Кәсіпорынның жауапты болып табылмайтын қызметкерлерінің, карточканы қабылдау бойынша Банктің қызметкерлері жүргізген оқудан өтпеген тұлғалардың карточкалық операцияларды жүргізгені үшін Банк көтерген залал мөлшерінде;	9.4. За проведение карточных операций не ответственными работниками Предприятия, не прошедшими обучение с работниками Банка по приему карточек, в размере причиненного Банку ущерба.
9.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес карточкалық операцияны жүзеге асыру кезінде Карточка ұстаушыға немесе карточкалардың нөмірлеріне қатысты алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға жария еткені үшін келтірілген залал мөлшерінде;	9.5. За разглашение третьим лицам любой информации, касающейся держателя карточки или номеров карточек, полученных вследствие осуществления карточных операций в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан в размере причиненного ущерба.
9.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, заңсыз карточкалық операция жүргізгені үшін заңсыз карточкалық операция және Банк өндіріп	9.6. За осуществление несанкционированной карточной операции в размере суммы несанкционированной карточной операции и взимаемого Банком вознаграждения, если иное

алатын сыйақы мөлшерінде жауап береді.	не установлено действующим законодательством Республики Казахстан.
<p>9.7. Егер Кәсіпорынның жауапты қызметкерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі Банкке материалдық және/немесе моральдық залал (зиян) келтіретін болса, Кәсіпорын сомасы Банк ұсынған жазбаша талапта көрсетілген Банкке келтірген залалды (зиянды) өтейді, Банк пен Кәсіпорын әрбір жеке жағдайда Кәсіпорынға тиесілі сомадан ұстап қалу немесе Банк ұсынған шот бойынша төлем жасау арқылы өтем жасау тәртібін талқылайды. Банк шағымдар реттелгенге дейін осы Шарт бойынша есеп айырысуды тоқтата тұруға құқылы.</p>	<p>9.7. В случае, если действие или бездействие ответственных сотрудников Предприятия повлечет за собой нанесение материального и/или морального ущерба (вреда) Банку, Предприятие возмещает Банку причиненный ущерб (вред), сумма которого указывается в предъявленной Банком письменной претензии, Банк и Предприятие в каждом отдельном случае оговаривают порядок произведения возмещения с удержанием из причитающихся Предприятию сумм или оплатой по выставленному Банком счету. Банк вправе приостановить расчеты по настоящему Договору до урегулирования претензии.</p>
10. Форс-мажор	10. Форс-мажор
<p>10.1. Егер Тараптар дүлей күшті жағдайлардың: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, электр қуатының, телекоммуникация желісінің, спутниктік байланыстың ақауының және тараптардың бақылауынан тыс болған басқа жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органының, атқарушы, сот, салық немесе құқық қорғау органдарының осы Шарт бойынша тараптардың өз міндеттемелерін орындауына тікелей және ашық түрде кедергі келтіретін шешімдер, қаулылар, ұйғарымдар қабылдаған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін немесе оны толық орындамаған болса, осындай орындамау үшін Тараптар жауапкершіліктен босатылады.</p>	<p>10.1. Стороны освобождаются от ответственности за частичное или полное неисполнение принятых на себя обязательств, если оно явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы: пожара, наводнение, землетрясение, сбой подачи электроэнергии, телекоммуникационных сетей, спутниковой связи и других обстоятельств, находящихся вне контроля сторон, а также в случае принятия Национальным Банком Республики Казахстан, органами государственных доходов, исполнительными, судебными или правоохранительными органами Республики Казахстан решений, постановлений, определений, прямо и недвусмысленно препятствующих исполнению сторонами своих обязательств по настоящему Договору.</p>
<p>10.2. Дүлей күшті жағдайлардың (форс-мажор) салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаған тарап осындай жағдайлардың орнағаны және тоқтағаны туралы 3 (үш) банктік күн ішінде (олар орнаған, тоқтаған күннен бастап) екінші тарапқа жазбаша түрде хабарлауға тиісті және бірінші талабы бойынша екінші тарапқа сондай жағдайлардың орнағанын және/немесе тоқтағанын, сондай-ақ дүлей күшті жағдайлардың (форс-мажор) ұзақтығын растайтын дәлелдерді беруге тиісті. Форс-мажор жағдайларының орнағаны туралы екінші тарапқа хабарламаған тарап осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған кезде, форс-мажор жағдайларына сілтеме жасау құқығынан айырылады.</p>	<p>10.2. Сторона, для которой создавалась невозможность исполнения обстоятельств по настоящему Договору вследствие обстоятельств непреодолимой силы (форс – мажор), должна о наступлении и прекращении таких обстоятельств уведомлять в письменном виде другую Сторону в течение 3 (трех) банковских дней (со дня их наступления, прекращения) и по первому требованию предоставить другой Стороне доказательства, подтверждающие наступление и/или прекращение, а также продолжительность обстоятельств непреодолимой силы(форс-мажор). Сторона, не известившая, противоположную Сторону о наступлении форс–мажорных обстоятельств, лишает себя права ссылаться на форс-мажорные обстоятельства при неисполнении обязательств, предусмотренных настоящим Договором.</p>

<p>10.3. Дүлей күшті жағдайлар (форс-мажор) орнаған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осындай жағдайлар әрекет ететін мерзімге және осындай жағдайлардың салдарын жоюға кеткен уақытқа сәйкес жылжытылады. Егер дүлей күшті жағдайлар орнаған күннен бастап 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, тараптардың кез келгені 15 (он бес) күн бұрын екінші тарапқа ол туралы жазбаша хабар беріп, осы Шарттың әрекет етуін тоқтатуға құқылы.</p>	<p>10.3. В случае наступления обстоятельств непреодолимой силы (форс-мажор) исполнение обязательств по настоящему Договору отодвигается соразмерно времени, в течение которого будут действовать такие обстоятельства и времени, необходимого на устранение последствий таких обстоятельств. В случае, если обстоятельства непреодолимой силы продолжаются более 3 (трех) месяцев после их наступления, любая из Сторон вправе прекратить действие настоящего Договора, письменно уведомив об этом другую Сторону не позднее, чем за 15 (пятнадцать) дней.</p>
<p>11. Ерекше талаптар</p>	<p>11. Особые условия</p>
<p>11.1. Осы Шартты орындау барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптар арасында келіссөз жүргізу арқылы шешіледі.</p>	<p>11.1. Все споры и разногласия, возникающие при исполнении настоящего Договора, будут по возможности решаться путем переговоров между Сторонами.</p>
<p>11.2. Шешілмеген даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банктің (оның филиалдарының) орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті соттарында шешіледі.</p>	<p>11.2. Споры, по которым не было достигнуто соглашение, подлежат разрешению в уполномоченных судах Республики Казахстан по месту нахождения Банка (его филиалов) в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>11.3. Тараптардың біреуі қайта ұйымдасқан немесе таратылған жағдайда, сол тараптың осы Шарт бойынша барлық құқықтары мен міндеттері оның құқықтық мұрагеріне өтеді.</p>	<p>11.3. При реорганизации или ликвидации одной из Сторон к правопреемнику переходят все права и обязанности данной Стороны по настоящему Договору.</p>
<p>11.4. Осы Шартта қарастырылмаған барлық басқа мәселелерде тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.</p> <p>11.5. Егер жазбаша хабарлама Тарапқа қолхат арқылы тапсырылса немесе осы Шарт бойынша Тараптардың деректемелерінде көрсетілген мекенжайға тапсырыс хат арқылы жіберілсе, онда жазбаша хабарламалар алынған болып есептеледі.</p> <p>11.6. Тараптар осы Шарт бойынша жеке құқықтар мен міндеттемелердің тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана берілетініне келіседі.</p>	<p>11.4. Во всем остальном, что не предусмотрено настоящим Договором, Стороны руководствуются действующим законодательством Республики Казахстан.</p> <p>11.5. Письменные уведомления считаются полученные другой Стороной, если они вручены ей под расписку или направлены заказным письмом по адресу, указанному в реквизитах Сторон в настоящем Договоре.</p> <p>11.6. Стороны согласны с тем, что передача отдельных прав и обязанностей по настоящему Договору допускается только с письменного согласия другой Стороны.</p>
<p>12. Шарттың қолданыс мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі</p>	<p>12. Срок действия Договора, порядок его изменения и расторжения</p>
<p>12.1. Осы Шарт тараптар Қосылу туралы өтінішке қол қойған күннен бастап күшіне енеді және кез келген тараптың бастамасымен бұзылғанға дейін қолданыста болады.</p>	<p>12.1. Настоящий Договор вступает в силу со дня подписания Заявления о присоединении и действует до расторжения по инициативе любой из Сторон.</p>
<p>12.2. Тараптар осы Шартты бұзу болжанған күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші тарапқа сәйкес жазбаша хабарлама жолдау арқылы осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Осы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап тараптар осы</p>	<p>12.2. Расторжение Договора в одностороннем порядке производится путем направления другой Стороне соответствующего письменного уведомления за 30 (тридцать) календарных дней до предполагаемой даты прекращения действия настоящего Договора.</p>

Шарт бойынша карточкаларды пайдалану арқылы операция жасауды тоқтатады, бірақ тараптар арасында өзара есеп айырысу хабарламаны алған күннен бастап 180 (бір жүз сексен) күнтізбелік күннің ішінде жүзеге асырылады.	Со дня получения уведомления о расторжении настоящего Договора, Стороны прекращают проведение операций с применением карточек по настоящему Договору, но взаиморасчеты между Сторонами осуществляются в течение 180 (сто восемьдесят) календарных дней со дня получения уведомления.
12.3. Кәсіпорынның берілген барлық Жабдықты Банкке қайтаруын немесе оның құнын төлеуін қосқанда, Тараптар арасында өзара есеп айырысу толық аяқталғаннан кейін, тараптар бір-бірінің алдындағы міндеттемелерін толық орындағаннан кейін осы Шарт өзінің әрекет етуін тоқтатады.	12.3. Настоящий Договор прекращает свое действие после полного завершения взаиморасчетов между Сторонами, выполнения всех обязательств Сторон друг перед другом, включая возврат Предприятием в Банк всего переданного(-ных) ему Оборудования или оплаты его стоимости.
12.4. Осы Шарт бұзылған сәттен бастап Банк Кәсіпорынның келісімінсіз осы Шарттың 4.1-тармағында көзделген тәртіппен Кәсіпорын жасаған карточкалық операциялар бойынша Банкке ұсынылған сәйкес төлем жүйелерінің шағымдары бойынша Банктен алынатын ақша сомасын Кәсіпорынның кез келген банктік шоттарынан есептен шығаруға құқылы.	12.4. С момента расторжения настоящего Договора Банк вправе без согласия Предприятия в порядке, предусмотренном пунктом 4.1. настоящего Договора списать с любых банковских счетов Предприятия суммы денег, которые будут списаны с Банка по претензиям соответствующих платежных систем, выставленных Банку по совершенным Предприятием карточным операциям.
12.5. Банк ұсынған барлық нұсқаулықтар және Банк Кәсіпорыннан қабылдаған өтініштер, Шарттың барлық қосымшалары Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.	12.5. Все предоставленные Банком инструкции и принятые Банком от Предприятия заявления, все приложения к Договору являются неотъемлемой частью настоящего Договора.
12.6. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған, заңдық күші тең.	12.6. Договор составлен на государственном и русском языках, имеющих одинаковую юридическую силу.
13. Банктің заңды мекенжайы және төлемдік деректемелері	13. Юридический адрес и реквизиты Банка:
«Банк ЦентрКредит» АҚ Қазақстан Республикасы, 050059 Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 38 БСН – 980640000093 БСК – КСJBKZKX www.bcc.kz	АО «Банк ЦентрКредит» Республика Казахстан, 050059 г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 38 БИН – 980640000093 БИК – КСJBKZ www.bcc.kz
<i>Сауда / сервис кәсіпорнымен жасалатын шартқа 1-қосымша</i>	<i>Приложение № 1 к Договору с Предприятием торговли/сервиса</i>
Эмитент-банк – карточкаларды шығаратын банк.	Банк-эмитент – банк, осуществляющий выпуск карточки.
Қайтарылатын карточкалық операция – карточка ұстаушы карточканы пайдалану арқылы сатып алған тауарларды қайтарған және/немесе карточканы пайдалану арқылы төлемі жүргізілген (алдын ала төленген) Қызметтен бас тартқан жағдайда, карточканы	Возвратная карточная операция – операция, осуществляемая с использованием карточки в случае возврата держателем карточки товаров, приобретенных с использованием карточки и/или отказа держателя карточки от Услуг оплаченных (предоплаченных) с

<p>пайдалану арқылы жүзеге асырылатын операция.</p>	<p>использованием карточки.</p>
<p>Карточка ұстаушы – төлем карточкасын беру туралы шартқа сәйкес немесе төлем карточкасына оны иеленуші тікелей алдын ала төлем жасаса, төлем карточкасын пайдалануға құқығы бар жеке тұлға.</p>	<p>Держатель карточки - физическое лицо, имеющее право пользоваться платежной карточкой в соответствии с Договором о выдаче платежной карточки или, если платежная карточка предоплаченная непосредственно ею владеющее.</p>
<p>Карточка – ұстаушысына электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы ақша алуға мүмкіндік беретін құрал, карточканың екінші бетінде карточка ұстаушының қолтаңбасы мен карточкалық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпарат көрсетілген.</p>	<p>Карточка – средство доступа к деньгам через электронные терминалы или иные устройства, которое содержит на обороте карточки подпись держателя карточки и информацию, позволяющую держателю карточки осуществлять карточные операции.</p>
<p>Карточкалық операция (бұдан кейін – операция) – карта арқылы қолма-қол ақша алу, карточкалық шоттың жай-күйі туралы ақпарат алу бойынша операция; тауарлар мен қызметтерге төлем жасау және төлем карточкасының эмитенті белгілеген, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа операциялар.</p>	<p>Карточная операция (именуемая далее - операция) – операция по получению по карте наличных денег, информации о состоянии карточного счета; проведение платежей за товары и услуги и иных операций, определенных эмитентом платежной карточки, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>Чек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - операция POS-терминалды пайдалану арқылы карточка ұстаушыларға қызмет көрсету тәртібінің тармақтарын бұза отырып жасалған жағдайда; - чектегі карточка ұстаушының қолы карточкадағы қолмен сәйкес келмеген кезде; - Чектердің даналары (Кәсіпорынның және карточка ұстаушының) бір-бірімен сәйкес келмеген немесе Банк белгілеген нысанға сәйкес келмеген жағдайда; - чекке карточка ұстаушының және/немесе Кәсіпорынның жауапты қызметкерінің қолы қойылмаған кезде; - чектегі мәліметтер мен қызмет көрсетуге қабылданған карточканың нөмірі мен жарамдылық мерзімі сәйкес келмеген кезде; - чек алаяқтықпен, транзакция жасауға карточка ұстаушы рұқсат етпей ресімделген жағдайда, жарамсыз болып табылады. 	<p>Недействительным является Чек, если:</p> <ul style="list-style-type: none"> - операция совершена с нарушением пунктов Порядка обслуживания держателей карточек с использованием POS-терминала; - подпись держателя карточки на чеке не соответствует подписи на карточке; - экземпляры чеков (Предприятия и держателя карточки) не соответствуют друг другу, либо не соответствуют установленной форме, определенной Банком; - чек не подписан держателем карточки и/или ответственным работником Предприятия; - данные на чеке не совпадают с номером и сроком действия карточки, принятой к обслуживанию; - чек оформлен по мошеннической, не разрешенной держателем карточки транзакции.
<p>Рұқсат етілмеген карточкалық операция – рұқсат етілген карточкалық операцияның талаптарын бұзып жүзеге асырылған карточкалық операция. Карточканың заңды ұстаушысы болып табылмайтын тұлға жалған карточканы пайдалану арқылы жүргізген карточкалық операция немесе құпия жолмен алынған төлем карточкасы туралы мәлімет, сондай-ақ оны жүргізген кезде жарамсыз чек ресімделген карточкалық операция рұқсат етілмеген карточкалық операция болып</p>	<p>Несанкционированная карточная операция – Карточная операция, осуществленная с нарушением требований к Санкционированной карточной операции. Несанкционированной карточной операцией является также карточная операция, осуществленная с использованием фальшивой карточки, лицом, не являющимся законным держателем карточки или добытые тайным путем данные о платежной карточке, а также карточная операция, при осуществлении которой был</p>

табылады.	оформлен недействительный чек.
Жабдық – Банктің меншігі болып табылатын және төлем карталарын қолдану арқылы төлемді қабылдау үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамсыздандыруға арналған жеке лицензияны қоса алғанда POS-терминал (POS-терминалдар).	Оборудование - POS-терминал(ы), включая розничную лицензию на программное обеспечение, являющиеся собственностью Банка и используемые для приема оплаты с использованием платежных карт.
Кәсіпорынның жауапты жұмыскері (қызметкерлері) – Кәсіпорында орнатылған Жабдықпен жұмыс істеу үшін Кәсіпорын тағайындаған және Банк қызметкерлерінің оқытуынан өткен, сондай-ақ әрекеттері үшін Кәсіпорын жауап беретін тұлға.	Ответственный работник (персонал) Предприятия – лицо, назначенное Предприятием для работы с Оборудованием, установленным на Предприятии и прошедшее обучение у сотрудников Банка, а также за действия, которого отвечает Предприятие.
Процессинг орталығы – карточкаларды пайдалану арқылы төлемдік және басқа да операцияларды жүзеге асырған кезде құрылатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ төлем жүйесінің қатысушыларымен Шартта көзделген басқа қызметтерді орындайтын төлем жүйесінің қатысушысы немесе төлем жүйесі қатысушысының құрылымдық бөлімшесі.	Процессинговый центр – участник платежной системы или структурное подразделение участника платежной системы, обеспечивающий сбор, обработку и передачу информации, формируемой при осуществлении платежей и других операций с использованием карточек, а также выполняющий иные функции, предусмотренные Договорами с участниками платежной системы.
Жұмыс күні – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайынғы (Астана уақытымен) сағат 9.00-ден бастап 16.00-ге дейінгі кезең.	Рабочий день - период с 9.00 до 16.00 ч. (по местному времени Астаны) ежедневно, кроме выходных и официальных праздничных дней в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
Рұқсат етілген карточкалық операция – операцияны жүзеге асырған сәтте тосқауыл қойылмаған, қолданыс мерзімі басталған және жарамдылық мерзімі аяқталмаған, ұстаушысы осы Шарттың талаптарына және төлем жүйелерінің талаптарына сәйкес пайдаланған карточканы немесе оның нөмірі мен жарамдылық мерзімін пайдалану арқылы жүзеге асырылған карточкалық операция.	Санкционированная карточная операция – карточная операция, осуществленная с использованием карточки или её номера и срока действия, в момент осуществления которой карточка не была заблокирована, наступил и не истек срок её действия, карточка была использована держателем карточки в соответствии с условиями настоящего Договора и требованиями Платежных систем.
Чек – карточканы пайдалану арқылы Автоматтандырылған режимде карточкалық операцияны жүзеге асыруды растайтын құжат.	Чек – документ, подтверждающий факт осуществления Карточной операции в Автоматизированном режиме с использованием карточки.
SNMP – TCP/UDP негізінде IP-желілердегі құрылғыларды басқаруға арналған стандартты интернет-хаттама. SNMP құрылғыларына маршрутизаторлар, коммутаторлар, серверлер, жұмыс стансалары, принтерлер, модемдік тіреулер және басқалар жатады. Әдетте хаттама желіге қосылған құрылғыларды әкімгердің назарын талап ететін талаптарға қатысты бақылау үшін желіні басқару жүйелерінде қолданылады.	SNMP – стандартный интернет-протокол для управления устройствами в IP-сетях на основе архитектур TCP/UDP. К поддерживающим SNMP устройствам относятся маршрутизаторы, коммутаторы, серверы, рабочие станции, принтеры, модемные стойки и другие. Протокол обычно используется в системах сетевого управления для контроля подключённых к сети устройств на предмет условий, которые требуют внимания администратора.